

2009 жылға арналған Ұзынкөл ауданында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 57 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 1 сәуірде № 9-19-96 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру ұйымдастырылсын.
2. 2009 жылға арналған Ұзынкөл ауданындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің қоса берілген Тізбесі бекітілсін.
3. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығына:
 - 1) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған қызметтерді көрсету жөніндегі шарт жасалсын;
 - 2) халықтың мақсатты топқа кіретін тұлғаларды, жұмыссыздарды және қолданыстағы заңнамамен белгіленген тұлғаларды жіберу, оларды өткізуге арналған 2009 жылғы аудандық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде жүзеге асырсын;
 - 3) жергілікті бюджет қаражаттарынан қоғамдық жұмысқа қатысушылардың ең төменгі өтем ақы төлемдері көлемінде 150 % еңбек ақысын, сонымен қатар 2009 жылға белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін, жұмыс берушілердің есеп шоттарына қаржылық қаражаттарды аударсын;
 - 4) жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерінде әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударуларды төлеуге арналған шығындарын, талап етуге дейінгі немесе банкінің ақшалай төлем карточка есеп шоттарына еңбекақыны аудару мен төлеу және шотқа басқа ақшалай төлемдер бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссияндық сыйақыны төлеуге арналған шығындарын лайықты бюджеттен шарт бойынша белгіленген мөлшерде өтесін.

Ескерту. 3-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009.11.02 № 229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" (Сарсенова Ә. А.) мемлекеттік мекемесіне қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысын төлеуге арналған аудандық бюджеттің қаражаттарын дұрыс шығындауға бақылау жасауды кезекті тексерістер арқылы жүзеге асырсын.

5. Қосымшаға сәйкес Тізбеде анықталған ұйымдар басшыларына мыналар ұсынылсын:

1) жұмыссыздарға және қолданыстағы заңнамамен белгіленген тұлғаларға арналған уақытша жұмыс орындары берілсін;

2) қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысы нақтылы істелген жұмыс үшін жеке еңбек шартының негізінде салымдар бойынша талап етуге дейінгі есеп шоттарына немесе екінші деңгейлі банктердің ақшалай төлем карточкаларының шоттарына еңбек ақыны және де басқа ақшалай төлемдерді аудару арқылы төленсін;

3) жұмысқа алу туралы бұйрықтан көшірмесін, жұмыс уақытын есепке алу тізімдігін, еңбек ақыны есептеу тізімдемесін, орындалған жұмыстардың кесімін "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ай сайын ұсынсын.

Ескерту. 5-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009.11.02 № 229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. В. Слесарьға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л
А. Сейфуллин

ауданының әкімі

Ұ з ы н к ө л а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 6 н а у р ы з д а ғ ы

№ 57 қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің тізбесі

№ п /п	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	адам -күн	енбек ақы төлеу
1				

	<p>"Ұзынкөл аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны</p>	<p>"Ұзынкөл аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының күнделік аумағын жинауға көмектесу,экологиялық сауықтыру және көгалдандыру, қайта құруға және күрделі жөндеуден өткізуге қатысу; Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Пресногорьков, Россия, Рязск, Суворов, Федоров, Чапай, Ұзынкөл селолық округтерінің, Троебрат, Ұзынкөл селоларының күнделік аумағын жинауға көмектесу,экологиялық сауықтыру және көгалдандыру, әлеуметтік-мәдени бағыттағы объектілердің қайта құруға және күрделі жөндеуден өткізуге қатысу, әлеуметтік-мәдени бағыттағы объектілерді от жағу маусымына дайындауға қатысу, селолық округтер аумағында иесіз қалған үйлерді бұзуға қатысу.</p>	<p>3930 адам-күні</p>	<p>1,5 ең аз еңбек ақының мөлшері</p>
2	<p>"Қайранкөл" мемлекеттік</p>	<p>Аудандық орталығында</p>		

коммуналдық
кәсіпорыны

күнделік аумағын
жинауға
көмектесу,эколо-
гиялық сауықтыру
және
көгалдандыру,
тұғын үйлердің
және
әлеуметтік-мәдени
бағыттағы
объектілердің
қайта құруға және
күрделі жөндеуден
өткізуге қатысу,
әлеуметтік-
мәдени бағыттағы
объектілерді от
жағу маусымына
дайындауға
қатысу, "Ұзынкөл
ауданының
қорғаныс істер
бөлімі"
мемлекеттік
мекемеде әскері
қызметін атқару
үшін әртүрлі
құжаттарды
сұрыптау, шақыру
қағазын рәсімдеу
мен жеткізу
бойынша
техникалық
жұмыстарды
жүргізу үшін
күнделікті көмек
көрсету,
"Қазақстан
Республикасы
әділет
министрлігі
Қостанай
облысының әділет
департаменті
Ұзынкөл ауданының
әділет
басқармасы"
мемлекеттік
мекемеде
техникалық
жұмыстарды
жүргізу әртүрлі
құжаттарды
сұрыптау үшін

2620
адам-

1,5 ең аз
еңбек ақының
мөлшері

күнделікті көрсету халықпен істеу;	көмек және жұмыс "Ұзынкөл
аудандық мемлекеттік мұрағаты"	
"Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты"	
мемлекеттік мекемесінің филиалда техникалық жұмыстарды жүргізу	әртүрлі
құжаттарды және үшін көмек	сақтау сұрыптау күнделікті көрсету;
"Қостанай бойынша Департаментінің Ұзынкөл бойынша басқармасы"	облысы Салық ауданы Салық
мемлекеттік мекемеде техникалық жұмыстарды жүргізу	әртүрлі
құжаттарды сұрыптау күнделікті көрсету;	үшін көмек Ұзынкөл
мұсылмандарының Балықты күнделік жинауға көмектесу,	мешетінің аумағын
экологиялық сауықтыру	және
көгалдандыру, Петр және апостолдардың қасиетті шіркеуінің күнделік жинауға көмектесу,	Павл аумағын
экологиялық сауықтыру	және
көгалдандыру.	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК